



Автор: Кенжебекова Айгул Арыстановна

Пән: Әдебиеттік оқу

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Қоршаған ортаны қорғау

Тақырып: Суасты тіршілігіне қамқорлық

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.2.3.1 Шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу
Сабақтың мақсаты:	Мәтіннің негізгі ойын анықтай алады. Кейіпкердің іс-әрекетін бағалай алады. Қажетті ақпараттарды тауып, талдау жасап оқи алады. Тақырыпқа қатысты өз ойын дәлелдей алады.
Тілдік мақсаттар:	Берілген тақырып бойынша мәтін мазмұнын айта алады
Күтілетін нәтиже:	Мәтіннің негізгі ойын анықтай алады. Кейіпкердің іс-әрекетін бағалай алады.
Бағалау критерийлері:	Мәтіннің негізгі ойын деректер келтіре отырып дәлелдейді
Құндылықтарды дарыту:	Жауапкершілік, белсенді азаматтық ұстаным танытуға баулу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	дүниетану
Бастапқы білім:	қоршаған орта туралы, оған нелер жататындығы туралы біледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 минут)	Психологиялық дайындық. "Балық аулау" ойыны арқылы бір-біріне тілектер айтады. Табиғатқа көмектесу үшін өзің қандай іс-әрекеттер жасадың?	
Сабақтың ортасы (20 минут)	"Пікіріңді айт" айдары -Суасты жануарларының тіршілігіне қандай қауіп-қатер төнуі мүмкін? -Суда тіршілік ететін жануарларға адамның қамқорлығы қажет пе? ҚБ: "Басбармақ" "Түсініп оқы" айдары "Балықтарға көмек" әдісі бойынша мәтінмен таныстыру. Болжау әдісі бойынша оқушылар мәтіннің бір бөлігін оқып болғаннан кейін, олардың ойларынша әрі қарай не болатынын болжайды. Оқушылар оқылған мәтінде келтірілген өз болжамдарына негіз болған ойларға сүйене отырып, өз болжамдарын дәлелдеулері тиіс. Сөздікпен жұмыс. "Біліміңді қолдан" айдары -Бұл жануарлардың қайсысы туралы қызықты ақпарат айта аласың? Дискриптор: -Сұраққа жауап береді ҚБ: "Ду қол шапалақ"	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (7 минут)	"Қорытындыла " айдары -Жануарлар тіршілігінің қиындықтарын шешу не үшін керек ? Жіңішке сұрақ ? - Мақсат пен әкесі жылым жасау үшін қандай құралды пайдаланады ? -Қандай балықтарды білесің ? Жуан сұрақ -Оттегі деген не ? -Балық аулауға тыйым салынатын мерзім болуы мүмкін бе ?	
Рефлексия (6 минут)	"Ойлан " айдары .Қыста балықтарға көмек керектігін бұған дейін естіп, білдің бе ? -Жылымды не үшін жасау керек ?	